

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖШС «Астан-Ал»
«Ерсімбай» бөбекжай
балабақшасының
менгерушісі Н.Б.Құсова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының
мазмұның іске асыру бойынша «Ертөстік» орта тобының
перспективалық жоспары
2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025- 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Еркемай» бөбекжай балабақшасы

Топ/сынып «Ертөстік»

Балалардың жасы: 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек 2025-2026жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру. Негізгі қимылдар. Жаяу жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта; Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алдыңғы бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта, тура. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру, қағып алу. Жүгіру, еңбектеу, өрмелеу. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алдыңғы бір жағынан екінші жағына. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, саты бойымен өрмелеу. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.

	Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету, ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелеу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту . Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Математика негіздері	Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)

	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. Кеністікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеністік бағыттарын анықтау. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау
Қоршаған әлем	Қоршаған ортамен таныстыру. Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық).
Құрастыру	Құрастыруға қызығушылығын арттыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, кою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.

Сурет салу	Пәндік сурет. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгеністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуаттық сурет салу. Сәндік сурет. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Сюжеттік сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгеністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету .
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету Келесі дағдыларды қалыптастыру: Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жаң-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Негізгі қимылдар. Жүру Тура, шеңбер бойымен, «жыланыша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру, қол ұстасып, арқаннан ұстап. Жүгіру. Тура, шеңбер бойымен, «жыланыша», шашырап жүгіру, белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы, тоқтап жүгіру. Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Жүгіру, еңбектеу, өрмелеу. Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу, өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау. Тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту, баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Байланыстырып сөйлеу. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Тілдің грамматикалық құрылымы.

	Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
Математика негіздері	Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Заттарды салыстыру: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама. Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: артында-алдына, оң-сол, үстінде-астында.

	Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Қоршаған әлем	Қоршаған ортамен таныстыру. Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету. Заттық әлем. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару. Менің Отаным – Қазақстан. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Бақылау күнтізбесінде жылдың қысы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.
Құрастыру	Құрастыруға қызығушылығын арттыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
Сурет салу	Пәндік сурет. Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын

	басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суга шайып алып қолдануды үйрету. Сәндік сурет. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сюжеттік сурет салу. Ойлауы бойынша сурет салу. Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); Негізгі қимылдар. Жүру. Тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру. Жүгіру. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.

		Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Жүгіру, еңбектеу, өрмелеу. Саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық кабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамактанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Сөздік қор. Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану, балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру, кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады

Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ұ, ы дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: Тең және тең емес заттар тобын салыстыруға, екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыруға баулу. Шама. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.. Геометриялық фигуралар. Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды. Кеңістікті бағдарлау. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды, артында-алдына, оң-сол, үстінде-астында. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету
Қоршаған әлем	Қоршаған ортамен таныстыру. Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу Заттық әлем. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу.

	Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.. Менің Отаным – Қазақстан. Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.. Өсімдіктер әлемі. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық таныту, туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды. Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды қалыптастыру.
Құрастыру	Құрастыруға қызығушылығын арттыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау,және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру.
Сурет салу	Пәндік сурет. Ойлауы бойынша сурет салу, бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды үйрету. Сәндік сурет. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сюжеттік сурет салу. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету,
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу. Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: Желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау, жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануға үйрету.

	Музыка	Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әнінің мазмұнын түсіну. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру..
--	--------	--

	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан		Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Солға, оңға бұрылу (отырған калыпта), аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан калыпта). Негізгі қимылдар. Жүру. Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алдыңғы бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. . Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді. Еңбектеу, өрмелеу. Еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
		Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қор.

	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің Грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебиетінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт) Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.
Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша?», «неше?» сұрағына жауап беру. Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура шаршы мен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау.

Қоршаған әлем	Бала, оның отбасы, үйі Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Заттық әлем. Заттардың сапалары мен қасиеттерін : сипап сезу , дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары. Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу. Өсімдіктер әлемі. Дала гүлдерінің 2-3 түрін тану және атау. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық) Қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау.
Құрастыру	Құрастыруға қызығушылығын арттыру. Құрастырылатын құрлысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
Сурет салу	Пәндік сурет. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру: Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін

	қазақ оюларының карапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
Музыка	Музыка тыңдау. Өр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету Ән айту. Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуына сәйкес қимылдарды орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау аспабының дыбысталуымен таныстыру. Билер. Музыкалықшығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Қаңғар	Дене тәрбиесі Негізгі қимылдар Еңбектеу: Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тактай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Жалпы дамытушы жаттығулар Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; Қимылды ойындар Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «құста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын үйрету. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Өзіне – өзі қызмет көрсету дағдылары
--------	--

	Тісті тазалауға, ұқыптылыққа үйрету. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Адамның денсаулығына пайдалы (көкөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қор. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді антонимдерді енгізу. Тілдің Грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебиетінің тиісті формаларын дұрыс қолдану ересектермен диалог құру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт) Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап беруге баулу.

Математика негіздері	Сап. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша?, неше» сұрағына жауап беру. Шама. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Үстінде – астында кеңістік бағыттарын анықтау. Уақытты бағдарлау. Қарама - қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз- түнде.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суреттерін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю, тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар)
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
Құрастыру	Құрастырылатын құрлысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тактайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
Музыка	Музыка тыңдау. Әр түрлі аспаптарда орындалған шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың аяқталуына сәйкес қимылдар орындау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сылдырмақ аспабының дыбысталуымен таныстыру Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру

	Қоршаған әлем	Бала, оның отбасы, үйі. Балаларды отбасы бейнеленген фото суреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу Заттық әлем. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға баулу. Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару. Менің Отаным- Қазақстан. Балалардың жалпы қабылданған ережелермен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Өсімдіктер әлемі. Көгеністердің 2-3 түрін тану және атау. Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық) Топта терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау.
--	---------------	--

аяқпен	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар Секіру: Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар
--------	---------------	---

	Аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан калыпта); Дербес қимыл белсенділігі Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті үйрету. Қимылды ойындар Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Шанамен бір-біріне сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Дербес қимыл белсенділігі Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Дене белсенділігі (Таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Сауықтыру шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді антонимдерді енгізу. Тілдің Грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсін, сөйлеу әдебиетінің тиісті формаларын дұрыс қолдану ересектермен диалог құру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.

Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт) Байланыстырып сөйлеу. Жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша?, неше? » сұрағына жауап беру. Шама. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру. Кеністікті бағдарлау. Үстінде – астында кеңістік бағыттарын анықтау. Уақытты бағдарлау. Қарама - қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде.

Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суреттерін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу,біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.
Құрастыру	Құрастырған құрлыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. Аспатың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап бірге аяқтауға үйрету Музыкалық - ырғақтық қозғалыстар. Қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Маракас аспабының дыбысталуымен таныстыру Билер. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.
Қоршаған әлем	Бала, оның отбасы, үйі. Балаларды отбасы бейнеленген фото суреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу. Заттық әлем. Заттар,ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал - жабдықтарды дайындауға баулу.

		Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Балалардың назарын адамның жекке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару. Менің Отаным- Қазақстан. Балабақшада, үйде, кошеде тәртіп сақтауға баулу. Өсімдіктер әлемі. Жемістердің 2-3 түрін тану және атау. Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық) Топта терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау.
--	--	---

наурыз	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Сапка тұру Сапка тұру, қайта сапка тұру. Бірінің артынан бірі сапка тұру, бір-бірінің жанына сапка тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар Аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Қимылды ойындар Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Дербес қимыл белсенділігі Қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды.
--------	---------------	--

	жуынғаннан кейін құргатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және кол орамалды пайдалануды үйрету. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және кимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулармен массаж жасау.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышка бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру. Тілдің Грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілдің тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
Математика негіздері	Сан.

	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Шама. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Алдында-артында кеңістік бағыттарын анықтау. Уақытты бағдарлау. Қарама - қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз- түнде.
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
Музыка	Музыка тыңдау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау. Ән айту. Әнді созып қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Барабан аспабында қарапайым әуедерді ойнау Билер.

	Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, кимылдарды өзгерту.
Қоршаған әлем	Бала, оның отбасы, үйі Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Көлік, байланыс құралдары. Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Қолданып болған соңойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным- Қазақстан. Балаларды әдепті қарым – қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау. Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Бакылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) дағдыларын қалыптастыру.

сәуір	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар Ырғақтық жаттығулар. Таныс бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар Аяққа арналған жаттығулар: Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою. Қимылды ойындар Қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі Қимылды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге үйрету. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Сауықтыру шынықтыру шаралары Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің Грамматикалық құрылымы. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу:

	Таныс ертегілерді ойнауға және сақиналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
Математика негіздері	Сан. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Шама. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Алдында-артында кеңістік бағыттарын анықтау. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде, таңертең - кешке.
Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау Билер. Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау
Қоршаған әлем	Бала, оның отбасы, үйі Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Көлік, байланыс құралдары. Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным - Қазақстан. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі.

		Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
--	--	--

мамыр	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Қимылды ойындар Қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі Қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.
-------	---------------	--

	Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру шынықтыру шаралары Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орндау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Өткенді қайталау. Сөздік қор. Дәстүрге байланысты балалармен ән айту, бт билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Өткенді қайталау. Тілдің Грамматикалық құрылымы. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілерді ойнауға және сақиналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
Математика негіздері	Сан. «Тең бе?», «Қайсысы артық, кем?» сауалдарына жауап беру. Шама.

	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Оң - сол бағыттарын анықтау. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде, таңертең – кешке.
Сурет салу	Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға үйрету Өткенді қайталау.
Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Құрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету Ән айту. Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету Музыкалық - ырғақтық қозғалыстар. Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау Билер Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру «Қамажай» биін үйрету
Қоршаған әлем	Бала, оның отбасы, үйі Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Заттық әлем Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары.

		Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Епбекке баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным- Қазақстан. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыс тарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Бақылау күнтізбесінде жылдың қысы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
--	--	---